

еркіншілдік пен жекешілдік факторларын қамтыды, буржуазиялық бағыт алды.

Үшінші, діни реформаның кеңеюі және маңызы.

Мартин Лютердің діни тағылымы Германияның солтүстігі мен орта бөлігінде тез тарады әрі Лютер мазхабын қалыптастырды, осының ықпалында Швеция, Франция, Ұлыбритания қатарлы елдер арт-артынан діни реформа жүргізді де, каловианшылардың протестант діні және Ұлыбритания мемлекет діні тағы басқа пайда болды. Протестант діні жаңа гүлденген буржуазияның немесе ұлттық мемлекеттердің мүддесін бейнеленгенін атап өту керек. Реалға бірлестіре отырып студенттерге бүгінгі таңдағы батыс елдерінің діни сенім жағдайын ұғындырса болады.

Діни реформа дін бүркеніш жамылып жүргізілген феодалдық үстемдікке және Римнің діни үстемдігіне қарсы саяси қозғалыс, діни реформа қозғалысы әдебиет-көркемөнердің қайта гүлдену рухын жайғастырды және дамытты. Әдебиет-көркемөнердің қайта гүлденуі зиялылар жігінің гуманитарлық рухын оятты делінсе, онда діни реформа қарапайым халықтың гуманитарлық идеясын тікелей қозғады, сондықтан оның маңызы анағұрлым терең болды. Оның нақтылы ықпалы төмендегі үш жақтан бейнеленеді: бәрінен бұрын Батыс Европа феодал күштеріне ауыр соққы беріп, католик дінінің рухи дара билеуін талқандады, протестант діні алғашқы буржуазиялық төңкерістің туына айналды әрі сонан кейінгі жердегі буржуазиялық төңкерістің туылуына келелі ықпал жасады. Онан қалса, Батыс Европа мемлекеттерінің ұлттық мәдениеті мен оқу-ағарту істерінің дамуын ілгерлетті. Сонымен қатар саяси және экономикалық жақта патшалық дара билік түзімін нығайтты, жаңа гүлденген ұлттық мемлекеттерді күшейтті.

Резюме

В статье речь идет об эффективных методах обучения истории по теме «Религиозная реформа в Германии».

Resume

This article is about effective methods of training of history on a theme «Religious reform in Germany».

Тойганбекова М.Ш.,

*Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық
университеті*

Балаларға арналған шығармалардың тақырыптық, танымдық өрісі

Бұл бөлімде қаламгердің балаларға арнап жазылған шығармалары, әдеби ертегілері тақырыптық, танымдық тұрғыдан жүйеленіп, талданады.

Ұрпақ тәрбиесі ұлы іс екенін ертеңін ойлаған елдің ешқайсысы да есінен шығармаған. Осындай ұлы істің бөлінбес бір саласы – балалар әдебиетінің

Балалар әдебиетіне шолу жасай келе, академик С. Қирабаев былай дейді: «Балалар өмірінің шындығын шынайы көрсету талабы С.Сарғасқаевтың «Көңілді балалар», «Сәуленің жаңа достары», Ш. Мұртазаевтің «Белгісіз солдаттың баласы», С. Сейтхазиннің «Жылқышының баласы», Н. Сералиевтің «Ақбөпе», М. Сүндетовтің «Балық аулай барғанда» атты кітаптарында байқалады. [40, 272 б.]»

Мағзұм Тиесовтің өз тұстастарынан басты ерекшелігі – ол өз оқушысын қызықтырар оқиғаны таңдап, талғауға, оны ой салар түйінге бағындыруға өте шебер. Баяндалар жайды кезектестіре жеткізуге, бірінен-бірін өрбітіп, табиғи қалпын сақтауға тырысады. Ара-тұра «Батар күн Сарытаудың екі өркеші арасынан отырып алып, қарап отырады. Оның жалғыз көзі бажырая түседі» [14, 287 б.], – деп, әдемі сурет те сала кетеді. немесе: «Дала да дала! Дала қандай кең еді! Таусылар емес. Дөң де дөң. Дөңдер қандай көп еді. Бітетін емес. Біріне шықсаң, тағы бірі. Ойлар боз қырау, дөңдер сары» [14, 296 б.], – деп, дүниені кезе бергісі келетін бала қиялын дөп басады немесе: «От, от! От деп суық үйде жанған отты айтсайшы! Бауырсақ деп қарын ашқанда жеген бауырсақты айтсайшы!» [14, 362 б.], – деп сәби талғамын, тәбетін айна-қатесіз кескіндейді. Бір қарағанда, Мағзұм Тиесов – данышпан халқымыздың бай тәжірибесін, әңгімелеуші ретінде көрінеді. Бірақ ол ескі ертегіші емес, ғасырлар бойы халық басынан кешкен өмір сабағын бүгінгі профессионалды әдебиеттің деңгейіне жеткізе көркем бейнелеуші. Жазушы шығармаларының тілі де халықтық бай қазынадан суарылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2004.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991, – 240б.
3. Мұқанов С. Проза және сын туралы. // Әдебиет және искусство. – 1939. – №7. – 37-57 бб.
4. Мүсірепов Ф. Заман және әдебиет. Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 1982, – 352б.
5. Кеңжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. – 248б.

Резюме

Статья посвящена нравственно-познавательной роли произведений для детей.

Resume

In this article is devoted a moral-creative role of stories, novels, poems for children.



КӨКЖИЕК

ТОЙҒАНБЕКОВА Майра Шоданқызы

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің ізденушісі*

МАҒЗҰМ ТИЕСОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР БЕЙНЕСІ

Халықтың рухани байлығы – шын мәніндегі көркем әдебиетті жасайтын тек қана дарынды қаламгерлер екені талассыз шындық. Қазақ халқының жиырмасыншы ғасырдағы (40-70 жылдар аралығы) өскен әдебиетін бүкіл әлемге танытқан да дарындар болатын. Туған елінің көркем әдебиетін саф алтындай талай-талай шығармаларымен байытып, абыройын биіктеткен Ғ. Сланов, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, С. Шаймерденов, Б. Соқпақбаев, З.Қабдолов, М. Ғабдуллин, Ж. Жұмаханов, Ж. Молдағалиев сияқты қарымды қаламгерлер тобының қатарында тұрған – Мағзұм Тиесов еді.

Оқырманын белгілі бір дәрежеде эстетикалық сезімге бөлеп тастайтын үлкенді-кішілі туындыларымен қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан Мағзұм Тиесов бүгінгі оқырманның да, болашақ ұрпақтардың да ажырамас рухани серігі, қымбат мұрасы болып қала беретіні ақиқат.

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



«БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

42-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының

БАҒДАРЛАМАСЫ

ПРОГРАММА

42-й Международной научно-методической конференции

(27-28 января 2012 года)

«ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ»

58. **Тойганбекова М.Ш.** Этнотәрбие негізін қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабағында қолдану
59. **Пузиков М.Ф.** Учебный процесс – основной воспитательный ресурс
60. **Шадкам З.** Түрік тілін оқытуда кездесетін мәселелер

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ
БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ**



«ЖЕР – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»
атты студенттердің XXVII халықаралық
ғылыми конференциясы

XXVII-международная научная
студенческая конференция
«ЗЕМЛЯ – НАШ ОБЩИЙ ДОМ»

«EARTH IS OUR HOME»,
The XXVIIth students' scientific conference

Алматы 2012 ж

үйлену тойы болады. Қазақтар секілді хазарлар да тойға алыс-жақын туысқандарын, достарын, көршілерін шақырып, үлкен той жасайды. Үлкен тойдың алдында қазақ халқының беташар тойы секілді бізде де шағын той жасап, жас келіннің бетін ашу рәсімін жасайды.

Беташар тойы. Жаңа түскен келінді беташар дәстүрі жасалмай ешкім де көре алмайды. Оны көру үшін әдейі беташар жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатынасады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар көрімдік береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірте, көңілді жыр төгуі керек.

Келін келді, көріңіз,
Көрімдігін беріңіз,
Ана, мынау деменіз,

Түсін айтып қойыңыз, – деп бастаған әнші жігіт жас келіннің аталған жақындарына лайық әзіл-қалжыңдарын араластыра көрімдік сұрап, жұртты көңілді күлкіге қарық қылады. Беташар тойдың басы әрі сәні, жас келіннің жаңа өмірге бет алғанын білдіретін қызықты, салтанатты жақсы дәстүрлердің бірі [1,13].

Пайдаланған әдебиеттер

1. Кенжеахметұлы С.Жеті қазына. Алматы, 2007. – Б.13.

Тажобекова Сабина (Қазақстан Республикасы)

ҚазҰУ колледжінің студенті

Ғылыми жетекшісі: Тойғанбекова М.Ш.

САБАҚТА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ

Зерттеу объектісі: ойын технологиясын оқу үрдісінде пайдалану арқылы оқушының білім, білік дағдысын, белсенділігін арттыру.

Мақсаты:

– ойын технологиясын қолдану арқылы оқушының тілге деген қызығушылығын дамытып, қалыптастыру.

– ұлттық ойын элементтерін қолдану арқылы салт-дәстүрді білуге, сүйеге тәрбиелеу.

Міндеті:

– ойын технологиясының тәрбиелік, дамытушылық мақсатын анықтау.

– ойын кезінде оқушының дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру.